

## Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 4 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2024 жылғы 24 сәурдегі № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 24.04.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығына сәйкес, Екібастұз қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 5 хаттамасы негізінде, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:**

1. Екібастұз қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Ержан Маратович Салханов тағайындалсын және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*А. Бейсекин*